

Еуразия гуманитарлық институты

**ЕУАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

АСТАНА

1. Жалпы ережелер

Еуразия гуманитарлық институтының (бұдан әрі - Институт) Ғылыми-әдістемелік кеңесі (бұдан әрі ҒӘК) туралы ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы шілденің 27-сіндегі «Білім туралы» заңының 44-бабы 9-тармағына (14.01.2013 өзгертулерімен және толықтыруларымен), ҚР БҒМ-ның 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 644 бұйрығымен бекітілген «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесіне», ҚР БҒМ-ның 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесіне» сәйкес әзірленді.

1.1 Институттың Ғылыми-әдістемелік кеңесі жоғары оқу орнын алқалық басқарудың бір нысаны болып табылады.

1.2 ҒӘК өз қызметінде:

- ҚР-дың 2007 жылғы шілденің 27-сіндегі «Білім туралы» заңын (14.01.2013 өзгертулерімен және толықтыруларымен);
- өзге де нормативті құқықтық актілерді;
- Институттың Жарғысын;
- осы Ережені басшылыққа алады.

2. Негізгі міндеттер

ҒӘК-тің негізгі міндеті:

- профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысының сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру;
- ЖОО-да шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлауды, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;
- оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- институттағы оқу үрдісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорыту және тарату;
- оқу үдерісіне әдістемелік әзірлемелердің нәтижелерін енгізу жөніндегі ұсынымдарды дайындау;
- білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- педагогтік ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;
- білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру және оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- оқу үдерісін ұйымдастыру және сапасын қамтамасыз ету жөнінде конференция, семинар, дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

3. Ғылыми-әдістемелік кеңесті қалыптастыру және оның жұмыс тәртібі

3.1 ҒӘК құрамына кафедра өкілдері, институттың құрылымдық бөлімшелері басшылары кіреді.

3.2 ҒӘК құрамы білім беру ұйымның басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.3 ҒӘК жұмысына деканды, кафедра меңгерушілері, тәжірибелі әдіскер-оқытушыларды тартуға құқылы.

3.4 ҒӘК-ті ЖОО-ның оқу ісі жөніндегі проректоры басқарады.

3.5 ҒӘК мүшелерінен ашық дауысы арқылы хатшы сайланады.

3.6 ҒӘК жұмысы ҒӘК отырысында қабылданған және ЖОО ректоры бекіткен жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. ҒӘК отырысы екі айда бір рет өткізіледі.

3.7 ҒӘК төрағасы жылына бір рет ҒӘК қызметінің нәтижелері туралы Ғылыми кеңестің алдында есеп береді.

3.8 ЖОО ҒӘК-і оның отырысына мүшелердің 2/3-і қатысқанда ғана шешім қабылдауға құқылы. ҒӘК шешімі ашық дауыс беруде кеңес мүшелерінің басым дауысымен қабылданады. ҒӘК мүшелерінің шешімімен жеке мәселелер бойынша шешімдер жасырын дауыс беру арқылы қабылданады.

3.9 ҒӘК отырысы хаттамамен ресімделеді. Отырыстардың хаттамалары және ҒӘК шешімдеріне ҒӘК төрағасы мен хатшысы қол қояды.

4. Ғылыми-әдістемелік кеңес қызметінің негізгі бағыты

4.1 Ғылыми-әдістемелік кеңес қызметінің негізгі бағыт:

1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарын ескере отырып жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын сараптауын ұйымдастыру;

2) кафедралардың әдістемелік секцияларының жұмыс жоспарларын қарау және келісу;

3) жеке пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламаларын талқылау және қолдау;

4) ЖОО-да оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін қарау;

5) ЖОО-ны әдістемелік қамтамасыз етуге байланысты нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық түрде және дидактикалық материалдар ұйымдастыру;

7) өндіріс пен ғылыми технологиялардың басым бағыттарын болжау негізінде білім беру мамандарының (кәсіптерінің) тізбесін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды талқылау;

8) оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмыстардың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау;

9) элективті пәндер каталогін қарау және бекіту;

10) әдістемелік бірлестіктер қызметінің жылдық жоспарларын келісу және бекіту;

11) білім алушылардың білімін бағалау үшін тест тапсырмаларын және басқа түрлерін әзірлеу және сараптамадан өткізу мәселелері;

12) білім алушылардың өздік жұмысын және оқытушының қолдауымен өткізілетін өздік жұмыстарды әдістемелік қамтамасыз ету;

13) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

5. Ғылыми-әдістемелік кеңестің құқықтары

ҒӘК:

- оқу үдерісін, құрылымдық бөлімшелердің оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- институттың құрылымдық оқу бөлімшелерінің ҚР БҒМ-ның нормативтік құжаттарын, ректордың бұйрықтарын, оқытушылардың дәрісханалық және дәрісханадан тыс жұмыстардың кестелерін және оқу-әдістемелік кеңестің құзыреті шегіндегі т.б. орындауын бақылауға;
- оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер өткізуге;

- институттың барлық құрылымдық бөлімшелерінен өз міндеттерін іске асыруға қажетті ақпарат сұрауға және алуға;
- кафедралардың әдістемелік секцияларының жұмысы туралы есептерді тыңдауға құқылы.